

## Philips Lumify құпиялық ескертпесі

Бұл құпиялық ескертпесі соңғы рет 2020 жылы 29 қазан күні жаңартылды

Philips Lumify мобильді қолданбасы ("Қолданба") Philips Lumify таратқышымен ("Құрылғы") жұптастырылғанда және білікті медициналық маманмен пайдаланылғанда смарт құрылғыны мобильді ультрадыбыстық шешімге айналдырады. Бұл құпиялық ескертпесі — біздің қызметтерді (оның ішінде біз жинаған деректер, оны жинау себебі, онымен істелетін іс-әрекеттер және жеке құқықтарыңыз) пайдаланғанда біздің құпиялық тәжірибелерін түсінуге көмектесетін құрал.

Бұл Құпиялық ескертпесі Philips Ultrasound, Inc. немесе оның филиалдары ("Philips" немесе "біз") тарапынан басқарылатын Құрылғы және/немесе Қолданба жинаған немесе өңдеген деректерге қолданылады.

**Мынаны ескеріңіз:** Қолданба емделушінің жеке ақпаратын жинамайды. Пайдалану барысында Қолданба өңдеген жеке деректер хост смарт құрылғыда қалады немесе пайдаланушы деректерді көрсетілген орынға тасымалдай алады.

Reacts (Technologies innovatrices d'imagerie inc) көмегімен тіркеу үшін таңдауға қамтамасыз етілген қызметтер бөлігі ретінде. Олар сізге жеке қызметтерін көрсете алуы үшін сізден шарттар мен талаптарды қабылдау және құпиялық ескертпесін қарап шығу сұралады.

### **Қандай жеке деректер жиналды және мақсаттары**

Біздің Қызметтерді қамтамасыз еткенде, оның ішінде Құрылғыға немесе Қолданбаға қатынасқан, оны жүктеп алғанда, орнатқанда және таратқышты тіркеуді аяқтағанда төмендегі мәліметте сипатталғандай жеке деректерді аласыз немесе жинайсыз. Сіз сұраған Қызметтерді келісімшарт қажеттілігі ретінде орындау үшін, біздің заңды мүдде негізінде біздің Қызметтерді пайдалану, қамтамасыз ету, жақсарту, реттеу, қолдау және сату үшін немесе бізге қатысты болуы мүмкін заңды міндеттемені орындау үшін осы жеке деректерді пайдалануымыз мүмкін. Біз жеке деректеріңізді жинап өңдеуімізді қаламасаңыз, Қызметтерді пайдалана алмауыңыз мүмкін.

### **Тіркеу деректері**

Таратқышты тіркеу үшін Қолданбаны жүктеп алған кезде жеке деректеріңізді жинауымыз мүмкін. Қажетті деректерге мекеме аты, пошталық индекс/орын коды, ел және мекеме/контакт электрондық пошта мекенжайы кіреді. Сонымен қатар контакт атын енгізуге болады, бірақ Қолданбаны тіркеу үшін бұның қажеті жоқ.

▪ Жиналған жеке деректер Philips компаниясы құрылғыға тән қызметтік жаңартулар немесе қайта шақырулар жағдайында сізге немесе мекемеңізге хабарлай алуы үшін пайдаланылады.

### **Құрылғы деректері**

Құрылғыға қатысты басқа деректерді жинаймыз. Бұл деректерге мыналар кіреді: Lumify App бағдарламалық құралының нұсқасы; таратқыштың сериялық нөмірі мен үлгісі; осы құрылғыда іске қосылған ОЖ нұсқасымен қатар таратқышпен пайдалану үшін Қолданба жүктеп алынған смарт құрылғының үлгісінің аты және құрылғы идентификаторы; iOS Lumify Power Module сериялық нөмірі және микробағдарлама нұсқасы.

- Жиналған деректер қайта шақыру жағдайында мәселелі конфигурацияларды анықтау үшін пайдаланылады.

### **Cookie файлдары**

Біз Қолданбада cookie файлдарын, тегтерді немесе ұқсас технологияларды пайдаланбаймыз.

### **Тұтынушыларға қолдау көрсету**

Сіз бізге біздің Қызметтерді пайдалануға қатысты ақпаратты қамтамасыз етуіңіз мүмкін, оның ішінде Philips компаниясымен қарым-қатынас және сізге тұтынушылар қолдауын көрсете алуымыз үшін сізбен байланысу жолы. Біздің Қызметтерді басқарамыз және қамтамасыз етеміз, оның ішінде тұтынушыларға қолдау көрсету және біздің Қызметтерді жақсарту, түзету және реттеу. Сонымен қатар сіз бізге хабарласқан кезде сізге жауап беру үшін ақпаратыңызды пайдаланамыз.

### **Маркетинг**

Сізге қатысты болуы мүмкін Philips өнімдері, қызметтері, оқиғалар және науқандары туралы науқандық хабарларды алуға келіссеңіз, біз сізге науқандық хабарларды электрондық пошта, телефон және мобильді қолданбалар мен әлеуметтік желі сияқты басқа сандық арналар арқылы жіберуіміз мүмкін. Кез келген уақытта хабарларға жазылымнан бас тартуға және алуға келіспеуге болады.

### **Рұқсаттар**

Қолданба телефонға, датчиктерге (мысалы, Wi-Fi, географиялық орын немесе Bluetooth) немесе мобильді құрылғыдағы басқа деректерге (мысалы, фотосуреттер, күн тәртібі немесе контактілер) қатынасу рұқсатын сұрауы мүмкін.

- Сізге Қызметтерді көрсету үшін керек болғанда ғана және нақты келісіміңізді бергеннен кейін ғана осындай деректерді пайдаланамыз.

- Кейде рұқсат — мобильді құрылғының операциялық жүйелерінің техникалық алғышарты. Бұндай жағдайда Қолданба осындай датчиктерге немесе деректерге қатынасу рұқсатын сұрауы мүмкін, бірақ сізге Қолданба қызметін көрсету үшін қажет болғанша және келісіміңізді бергеннен кейін ғана осындай деректерді жинамаймыз.

### **Жеке деректер кіммен бөлісілді?**

Philips компаниясы осы Құпиялық ескертпесіне және/немесе қолданбалы заңға сәйкес жеке деректеріңізді үшінші тарап қызмет көрсетушілеріне, бизнес серіктестерге немесе басқа үшінші тараптарға жарияламауымыз мүмкін.

### **Қызмет көрсетушілер**

Біз біздің Қызметтерді басқару, көрсету, жақсарту, түсіну, реттеу, қолдау және сату үшін үшінші тарап қызмет көрсетушілерімен жұмыс істейміз.

Біз жеке деректеріңізді келесі қызмет көрсетушілерімен бөлісуіміз мүмкін:

## ❖ **АТ және бұлт провайдерлері**

Осы қызмет көрсетушілер Қолданбаны іске қосуға немесе Қызметтерді көрсетуге қажет жабдықты, бағдарламалық құралды, желілерді, сақтау орнын, транзакциялық қызметтерді және/немесе байланысты технологияны жеткізеді.

Philips компаниясы қызмет көрсетушілерінен жеке деректерін қорғау бойынша біз қамтамасыз еткен деңгеймен бірдей деңгейді қамтамасыз етуін талап етеді. Белгілі бір қызметті көрсетуіне қажетті деректердің аз мөлшеріне ғана қатынас беру және жеке деректеріңіздің қауіпсіздігін қорғау үшін, біз қызмет көрсетушілерімізден жеке деректеріңізді тек біздің нұсқауларға сәйкес және жоғарыда көрсетілген мақсаттарға өңдеуін талап етеміз.

## **Басқа үшінші тараптар**

Сонымен қатар Philips компаниясы жеке деректеріңізді жеке мақсаттары үшін өңдейтін үшінші тараптармен жұмыс істеуі мүмкін. Құпиялық ескертпелерін мұқият оқып шығыңыз, себебі онда құпиялық тәжірибелері, олар жинайтын жеке деректер түрлері, оларды пайдалану, өңдеу және қорғау жолдары туралы ақпарат берілген.

Philips компаниясы жеке деректеріңізді жеке мақсаттарына пайдаланатын үшінші тараппен жеке деректерді бөліссе, Philips компаниясы жеке деректеріңізді бөліспей тұрып сізге хабар береді және/немесе қолданбалы заңдарға сәйкес келісіміңізді алады.

Philips компаниясы кейде бизнесін немесе бизнес бөлігін басқа компанияға сатады. Мұндай меншік құқығын беру осы бизнеске тікелей қатысты жеке деректеріңізді сатып алушы компанияға беруді қамтуы мүмкін. Philips компаниясы активтердің сатылуына, бірігуіне, алынуына немесе қайта құрылымдалуына байланысты немесе заңға сәйкес біздің Құпиялық ескертпесі аясындағы барлық құқықтар мен міндеттемелерді біздің кез келген филиалға еркін тағайындай алады және біз жеке деректеріңізді біздің кез келген филиалға, мұрагерге немесе жаңа иегерге беруіміз мүмкін.

## **Трансшекаралық тасымал**

Жеке деректеріңіз біздің нысандар бар немесе қызмет көрсетушілер тартылатын кез келген елде сақталуы және өңделуі мүмкін және Қызметтерді пайдалану арқылы (кез келген) ақпараттың тұрғылықты еліңізден тыс әрі деректерді қорғау ережелері сіздің елден өзге болуы мүмкін елдерге тасымалдануына келісім бересіз. Белгілі бір жағдайларда сол басқа елдердегі соттар, құқық қорғау органдары, бақылаушы органдар немесе қауіпсіздік органдары жеке деректеріңізге қатынасуы мүмкін.

ЕЭА-да болсаңыз, жеке деректеріңіз Еуропалық Комиссия ЕЭА стандарттарына сәйкес дұрыс деректерді қорғау деңгейін қамтамасыз етуші ел ретінде анықтаған ЕЭА-дан тыс елдердегі біздің филиалдарға немесе қызмет көрсетушілерге тасымалдануы мүмкін (бұндай елдердің толық тізімі [осында](http://ec.europa.eu/justice/data-protection/international-transfers/adequacy/index_en.htm) қолжетімді [http://ec.europa.eu/justice/data-protection/international-transfers/adequacy/index\_en.htm]).

ЕЭА-дан Еуропалық Комиссия дұрыс емес анықтаған елдерге (мысалы, АҚШ) тасымалдаулар бойынша тиісті шараларды қабылдадық, оның ішінде біздің Тұтынушы, жабдықтаушы және бизнес серіктес деректеріне арналған міндетті корпоративтік ережелер және/немесе Еуропалық Комиссия жеке деректеріңізді қорғау үшін қабылдаған стандартты келісімшарттық жағдайлар. Осы шаралардың көшірмесін жоғарыдағы сілтеме бойынша өту немесе [privacy@philips.com](mailto:privacy@philips.com) мекенжайына жазу арқылы ала аласыз.

## **Деректеріңізді қанша уақыт сақтаймыз?**

Жеке деректеріңізді деректер жиналған мақсаттарға байланысты рұқсат етілген немесе қажет болған уақытқа дейін сақтаймыз. Біздің сақтау кезеңдерін анықтау үшін пайдаланатын шарттар: (i) Қолданбаны және Қызметтерді пайдалану уақытының ұзақтығы; (ii) біз бағынатын заңды міндеттеменің болуы; (iii) біздің құқықтық позицияға байланысты сақтау ұсынылады (мысалы, қолданыстағы ескіру мерзімдеріне, сот ісіне немесе нормативтік тергеулерге қатысты).

## **Сіздің таңдаулар мен құқықтар**

Сіз бізге бұрын қамтамасыз еткен жеке деректерді өңдеуге қатынасу, түзету, өшіру, шектеу немесе қарсылық білдіру сұрауын жіберу керек болса немесе басқа компанияға (қолданбалы заңға сәйкес осы деректерді тасымалдау құқығы бойынша) тасымалдау мақсаттары үшін жеке деректердің көшірмесін алу сұрауын жіберсеңіз, бізге [байланысу пішіні](#) арқылы хабарласа аласыз. Сұрауыңызға қолданбалы заңға сәйкес жауап береміз.

Сұрауыңызда қатынасу, түзету, өшіру, шектеу немесе өңдеуіне қарсылық білдіру қажет жеке деректерді анық көрсетіңіз. Қорғанысыңыз үшін сұрауларды тіркелгіңізбен, электрондық пошта мекенжайыңызға байланысты жеке деректерге немесе сұрауыңызды бізге жіберу үшін пайдаланған басқа тіркелгі туралы ақпаратқа сәйкес қана іске асырамыз және біз сұрауыңызды іске асыру алдында жеке басыңызды растауымыз керек. Сұрауыңызды мүмкіндігінше жылдам іске асыруға тырысамыз.

Таңдауларыңыз бен құқықтарыңыздың кейбірін пайдалансаңыз, біздің Қызметтерді толығымен немесе ішінара пайдалана алмайтыныңызды ескеріңіз.

## **Жеке деректеріңізді қорғаймыз**

Біз Philips компаниясына сеніп тапсырған деректерді кездейсоқ немесе рұқсатсыз өзгертуден, жоғалудан, дұрыс пайдаланбаудан, жариялаудан немесе қатынасудан қорғауға жауапкершілікпен қараймыз. Philips компаниясы деректеріңізді қорғауға көмектесу үшін әртүрлі қауіпсіздік технологияларын, техникалық және ұйымдық шараларды пайдаланады. Біз бұл мақсат үшін өзгелермен қатар қатынасты басқару құралдарын ендіреміз, брендмауэрлер мен қорғалған протоколдарды пайдаланамыз.

## **Осы Құпиялық ескертпесі өзгерістері**

Біздің Қызметтер сізге ескертусіз кейде өзгеруі мүмкін. Осы себепке байланысты кейде осы Құпиялық ескертпесін түзету немесе жаңарту құқығын сақтаймыз. Осы Құпиялық ескертпесін жаңартқан кезде осы Құпиялық ескертпесінің үстіндегі күнді жаңартамыз.

Біз сізді осы Құпиялық ескертпесінің соңғы нұсқасын тұрақты қарап шығуға шақырамыз.

Жаңа Құпиялық ескертпесі жариялағаннан кейін бірден күшіне енеді. Түзетілген ескертпемен келіспесеңіз, теңшелімдеріңізді өзгертуіңіз немесе біздің Қызметтерді пайдалануды тоқтатуыңыз керек. Осы өзгерістер күшіне енгеннен кейін біздің Қызметтерге қатынасуды немесе оны пайдалануды жалғастыру арқылы Құпиялық ескертпесінің түзетілгені туралы хабардар екеніңізді және онымен келіскеніңізді растайсыз.

## **Бізге хабарласу**

Осы Құпиялық ескертпесі немесе Philips компаниясының Жеке деректеріңізді пайдалану жолы туралы сұрақтарыңыз болса, біздің [байланыс пішіні](#) немесе төмендегі мекенжай арқылы біздің Деректерді қорғау жөніндегі маманға хабарласыңыз. Болмаса, еліңіздегі немесе аймағыңыздағы құзыретті басқару органына шағым беруге құқығыңыз бар.

Philips

Attn: Group Legal (Privacy),

Philips Center HBT 16, Amstelplein 2,

1096 BC, Amsterdam, The Netherlands.